

Бекітемін

«Ақмола облысы білім басқармасының
Аршалы ауданы бойынша білім болімінің
жаңындағы Анар станциясының
«Құлышак» бөбекжайы» МКҚК

Менгеруші Китайбекова А.А.

24.05 2023 жылғы № 15

бұйрынымен бекітілген



**«Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім болімінің жаңындағы Анар станциясының «Құлышак» бөбекжайы»
МКҚК сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы
ереже.**

Осы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы үлгі ереже(бұдан әрі ереже)«Құлышак» бөбекжайы» МКҚК(бұдан әрі-бөбекжайы) комплаенс-қызмет заңнамалық актілерге сәйкес әзірленді «Құлышак» бөбекжайы» МКҚК сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің мәртебесін, өкілеттігін және жұмысын ұйымдастыруды айқындайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

3) мұдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

4) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыйбайлас жемқорлық тәуекелі – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.

2. Бөбекжайында негізгі міндеті осы ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімше немесе жауапты тұлға айқындалады.

Бұл ретте, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындайтын жауапты тұлға мүдделердің ықтимал қақтығысы ескеріле отырып айқындалады.

3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшени немесе жауапты тұлға квазимемлекеттік сектор субъектісінің директорлар кеңесі, байқау кеңесі (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органының шешімімен, көрсетілген органдар болмаған жағдайда, бөбекжайының менгерушісі айқындейдь.

2-тарау. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтерінің мәртебесі

4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілдіктерін квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушы органынан, лауазымды адамдарынан тәуелсіз жүзеге асырады, директорлар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке әдіснамалық қолдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері көрсетеді.

6. Егер Заңмен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттармен осы Улгілік ережеде көзделмеген сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастыруға қойылатын талаптар мен тәсілдер белгіленген жағдайда, осы талаптар мен тәсілдерді бөбекжай директорлар кеңесі, байқау кеңесі (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органдар, көрсетілген органдар болмаған жағдайда бөбекжайының менгерушісі бекіtedі.

3-тaraу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктері

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің негізгі мақсаты қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сактауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) Бөбекжайы мен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

2) Бөбекжайында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

3) Бөбекжайында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуі қамтамасыз ету;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практиканың сакталуын қамтамасыз ету;

5) Заңға сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сакталуын қамтамасыз ету;

9. Бөбекжайы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жузеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

2) басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделелілігі;

- 3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің акпараттық ашықтығы;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;
- 5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;
- 6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;
- 7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін үнемі арттыру.

10. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары:

- 1) Бөбекжайының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылдының ішкі саясаты;
- 2) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі нұскаулық;
- 3) Бөбекжайында мұдделер қактығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамаға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;
- 5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;
- 6) Бөбекжайы қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат;
- 7) корпоративтік әдеп пен мінез-кулық мәселелерін регламенттейтін құжат;
- 8) Бөбекжайы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпарат жинауды, өндеуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;
- 9) "Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандагы № 12 бұйрығымен бекітілген сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына нормативтік құқықтық актілерді сәйкес бөбекжайының қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;
- 10) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органның және бөбекжайы бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілеттін квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауга қатысады;

- 11) Бөбекжайында анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шараларға мониторингті жүзеге асырады;
- 12) Бөбекжайында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;
- 13) Бөбекжайының қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;
- 14) Бөбекжайының қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл саясатын және корпоративтік әдел пен міnez құлық мәселелерін сақтауын бакылауды қамтамасыз етеді;
- 15) Бөбекжайының ұжымында жалпы қабылданған моральдық-әдел нормаларына сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;
- 16) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет күзыretі шенберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың Заңда белгіленген қаржылық бакылау шараларын және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауын қамтамасыз етеді;
- 17) Бөбекжайының құрылымдық бөлімшелерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындауына мониторинг әзірлейді және жүргізеді;
- 18) мұдделер қақтығысын, оның ішінде бөбекжайында жұмысқа орналастыру, сатып алу және бизнес-процестер мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;
- 19) Бөбекжайындағы сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және / немесе оларға катасады;
- 20) Бөбекжайында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;
- 21) Бөбекжайыменгерушісіне анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, бөбекжайының қызметтің ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізеді;
- 22) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, бөбекжайындармен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және занды тұлғалармен өзара іс-кимыл жасайды;

11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтерінің құқықтары

- 1) Бөбекжайының құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады;
- 2) көрсетілген органдар болмаған жағдайда, бөбекжайының менгерушісіне директорлар кеңесінің, байқау кеңесінің (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органының қарауына олардың құзыретіне жататын мәселелерді шығаруға бастамашылық жасайды;
- 3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;
- 4) Бөбекжайының менгеруші мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеу шенберінде жазбаша түсіндірмелер беруді талап етеді;
- 5) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;
- 6) өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге катысады;
- 7) Бөбекжайының қызметкерлерінің бөбекжайында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы не колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құрады;

12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің міндеттері

- 1) Бөбекжайы және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, құпиялышының сақтайды;
- 2) Бөбекжайында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексінің және өзге де ішкі құжаттардың бұзылуының болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялышының қамтамасыз етеді;
- 3) Бөбекжайының менгерушісі кеңесін, байқау кеңесін (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органын, ал көрсетілген органдар болмаған жағдайда, өбекжайы менгерушісі сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар етеді;

- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы хабарлайды;
- 5) Бөбекжайы белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;
- 6) қызметтік және кәсіби этиканы сактайды.

4-тарау. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің есептілігі

13. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет бөбекжайында кабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты тоқсан сайын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

14. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет бөбекжайы менгерушісі кенесіне, байқау кенесіне (ол болған кезде) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған өзге де тәуелсіз басқару органына, ал көрсетілген органдар болмаған жағдайда, бөбекжайы менгерушісімерзімді түрде есеп береді.